

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының

2018 жылғы 6 қарашадағы № 438

**бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017-2021 жылдарға
арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
есеп**

Есеп кезеңі: 2020 жыл

1. Тәуекелдерді басқаруға талдау

Ықтимал тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды нақты орындау	Ескертпе (орындалғаны/орындалмағаны туралы ақпарат)
1	2	3	4
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету			
1.1-мақсат. Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу. Инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру			
Бүкіл ортамерзімді кезең бойы мұнайдың бағасын төмендету қысқа мерзімді кезеңде теңгенің әлсіреуіне және инфляцияның өсуіне алып келеді.	Тежейтін ақша-кредит саясатын жүргізу.	2020 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 43,2 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты. Бағалар 2020 жылғы наурызда бір баррель үшін 40 АҚШ доллары деңгейінен төмен түсе бастады. Осыған байланысты инфляцияға жоғары қысым көрсететін жоғарыда сипатталған бірқатар факторлардың ықпалы аясында базалық мөлшерлеме 12,00%-ға дейін көтерілді. Алайда кейіннен экономикалық өсу	

<i>Ықтимал тәуекелдің атауы</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды нақты орындау</i>	<i>Ескертпе (орындалғаны/орындалмағаны туралы ақпарат)</i>
		қарқыны баяулау аясында 9,0%-ға дейін төмендетілді.	
Қазақстан экономикасының неғұрлым баяу қалпына келуі, оның ішінде мұнай бағасының тұрақтануы жағдайында ішкі сұраныстың баяу қалпына келтірілуі есебінен, инфляцияның төмендеуіне алып келеді.	Ынталандыратын ақша-кредит саясатын жүргізу.	Базалық мөлшерлеме 2020 жыл ішінде 9,0%-ға дейін төмендетілді. Базалық мөлшерлеме деңгейі экономикада қалыптасып отырған үрдістерге және қаржы секторындағы ахуалға, оның ішінде бақыланып отырған инфляциялық процестерге сәйкес келді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ақша-кредит жағдайы ынталандыратын деп бағаланады, бұл инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мен экономикалық өсімнің қалпына келуіне жәрдемдесу арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігіне негізделді.	
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету			
2.4-мақсат. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін бұдан әрі дамыту бойынша жағдайлар жасау			
Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенім білдірмеуі.	Халық арасында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өзекті мәселелері бойынша жан-жақты жүргізілетін ақпараттық түсіндіру жұмысы.	Талдамалық жазбаны қараңыз.	
2.5-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру			

<i>Ықтимал тәуекелдің атауы</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды нақты орындау</i>	<i>Ескертпе (орындалғаны/орындалмағаны туралы ақпарат)</i>
Елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін сыртқы факторлардың нашарлауы (валюта нарығының тұрақсыздануы, алтынвалюта резервтерінің сарқылу тәуекелі).	«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында көзделген шұғыл ден қою шаралары.	Сыртқы факторлардың нашарлауы елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндірмеді.	«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында көзделген шұғыл ден қою шаралары талап етілген жоқ. Валюта нарығы тұрақтанды, оның ішінде Үкіметтің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қатысуымен. Алтын валюта резервтері сарқылу тәуекелі іске асырылған жоқ.
ЕАЭҚ-қа қатысушы мемлекеттерде макроэкономикалық және саяси тұрақсыздық. ЕАЭҚ-қа қатысушы мемлекеттер валюталық реттеу шараларын үйлестірмей қабылдаған жағдайда, капиталдың әкетілуіне жағдай жасайтын реттеушілік төрелік тәуекелі.	ЕЭК нормативтік-құқықтық базасын әзірлеуге қатысу арқылы валюталық реттеу саласындағы тәсілдерді келісу қағидаттарын іске асыру. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабында көзделген шұғыл ден қою шаралары.	Коронавирустан туындаған күтпеген өзгеріске қарамастан, ЕАЭҚ-қа қатысушы мемлекеттерде макроэкономикалық жағдай сақталды. Капиталдың үстеме ағымы үшін жағдайлар жасайтын реттеуші төрелік тәуекелі іске асырылмады.	
Капитал мобильдігіне әсер ететін шаралар бөлігінде мемлекеттік органдардың іс-қимылы үйлеспеуі.	Нормативтік базаны әзірлеу кезінде ведомствоаралық үйлестіруді күшейту, капитал мобильділігіне әсер ететін шаралар бойынша келісімді шешімдер қабылдау.	Капитал мобильдігіне әсер ететін шаралар бөлігінде мемлекеттік органдардың іс-қимылы үйлеспеу тәуекелі іске асырылмады.	
2.7-мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету			
Төтенше жағдайлардың туындауы, оның ішінде табиғи апаттар, төлем жүйелерінің жұмыс	Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда осы тәуекелдерді «қатаң» режимде	Төтенше жағдайлар, оның ішінде табиғи сипаттағы зілзала байқалған жоқ. Осыған	2020 жылы ішінде негізгі және резервтік серверлерде төлем жүйелерінің, жабдықтардың және байланыс арналарының бағдарламалық-техникалық мониторингі жүргізілді.

<i>Ықтимал тәуекелдің атауы</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды нақты орындау</i>	<i>Ескертпе (орындалғаны/орындалмағаны туралы ақпарат)</i>
істеуіне қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың жұмыс қабілеттілігінің бұзылуы (мысалы, энергиямен қамтамасыз ету және байланыс).	басқару мақсатында серверлеріне жүйелердің жұмысы көшірілуі мүмкін төлем жүйелері резервтік орталығының жұмысын қолдау. Төлем жүйелерінің бағдарламалық -техникалық кешенінің кепілді энергиямен жабдықтаудың екі жүйесі, сол сияқты байланыстың резервтік арналары бар.	байланысты, жоспарлы тәртіпте төлем жүйелерінің жұмысын резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне көшіру жүзеге асырылды: 09.01.2020ж. және 10.09.2020ж. Негізгі орталықтың серверлеріне кері көшіру тиісінше 31.01.2020ж. және 25.09.2020ж. жүргізілді.	

<i>Ықтимал тәуекелдің атауы</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарланған іс-шаралар</i>	<i>Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды нақты орындау</i>	<i>Ескертпе (орындалғаны/орындалмағаны туралы ақпарат)</i>
Операциялық тәуекелдер (жабдықтың істен шығуы, ақпараттық жүйелердің істен шығуы (іркілісі), жабдықтар мен ақпараттық жүйелердің моральдық ескіруі, қызметкердің қателіктері, нақты және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы).	Төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне көшіру жөніндегі жоспарлы (тестілеу) іс-шараларын жүргізу; жабдықтың жұмыс істеуге қабілеттілігінің тұрақты мониторингі; қызметкерлердің қажетті біліктілік деңгейін арттыру, оларды оқыту; рұқсатсыз қолжеткізуден қорғау; бірқатар белгіленген іс-шаралар арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; бірқатар шаралар арқылы нақты қолжетімділікті басқару және өзге де шаралар көзделетін шаралар кешенін қолдану (оның ішінде тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттар қолданылады).	Төлем жүйелерінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және резервтік орталықты тұрақты дайындықта қолдау мақсатында ҚБЕО 2020 жылы төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне жоспарлы көшіруді 2 рет жүргізді: 09.01.2020ж. және 10.09.2020ж. Негізгі орталықтың серверлеріне кері аудару тиісінше 31.01.2020ж. және 25.09.2020ж. жүргізілді.	2020 жыл ішінде жабдықтардың тұрақты мониторингі, профилактикалық жұмыстар және жүйелерді, оның ішінде қауіпсіздік жүйелерін басқару жүргізілді. Қызметкерлердің қатесі, нақты және ақпараттық қауіпсіздік бұзушылықтары болған жоқ.

2. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қолжеткізу

<i>Нысаналы индикатордың атауы</i>	<i>Ақпарат көзі</i>	<i>Өлшем бірлігі</i>	<i>Есепті кезең</i>		<i>Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)</i>
			<i>Жоспар</i>	<i>Нақты</i>	
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету					

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
1.1-мақсат. Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу. Инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру					
Нысаналы индикатор					
Инфляцияның жылдық деңгейі (өткен жылғы желтоқсанға қатысты желтоқсан), %	ҚР СЖРА СБ	%	8,0-8,5 ¹	7,5	Коронавирус пандемиясынан туындаған дағдарысқа байланысты инфляция жеделдеді, бірақ ҚР Президенті белгілеген 8,0-8,5%-дық таргеттен төмен деңгейде ұсталды.
1.2-мақсат. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің сақталуын қамтамасыз ету					
Нысаналы индикатор					
Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтерінің көлемі	ҚРҰБ	Тауарлар мен көрсетілетін қызмет импортының үш айлық көлемін өтеу («1» өтейді, «0» өтпейді) ²	1	1	Орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету					
2.4-мақсат. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бойынша жағдайлар жасау					
Нысаналы индикатор					
БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі	ҚРҰБ	%	Кемінде 3	10,92	Орындалды
2.5-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылауды қамтамасыз ету					
1-нысаналы индикатор					
Сыртқы сауда келісімшартының сомасынан асып кеткен кезде мұндай келісімшарт есептік тіркеу талаптарына жататын сомасына қатысты шекті мән	НҚА	Мың АҚШ доллары	50	50	Орындалды
2-нысаналы индикатор					
Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру	ҚРҰБ	%	30-60%	44,7%	Орындалды

¹ ҚР Президентінің 2020 жылғы 1 шілдедегі тапсырмасына сәйкес Ұлттық Банктің 2019 жылғы жылдық есебін қарау барысында

² Алтынвалюта резервтерінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтің үш айлық импортына қатынасы

<i>Нысаналы индикатордың атауы</i>	<i>Ақпарат көзі</i>	<i>Өлшем бірлігі</i>	<i>Есепті кезең</i>		<i>Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)</i>
			<i>Жоспар</i>	<i>Нақты</i>	
болып табылатын, тәуекелдер дәрежесін бағалау жүйесі негізінде тексерулермен қамтылған заңды тұлғалардың саны					
2.7-мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету					
1-нысаналы индикатор					
Банкаралық ақша аудару жүйесінің бір жыл ішіндегі жұмыс істеу қабілеттілігінің коэффициенті ³	ҚРҰБ	%	95-100	99,99%	Орындалды
2-нысаналы индикатор					
Банкаралық клиринг жүйесінің бір жыл ішіндегі жұмыс істеу қабілеттілігінің коэффициенті	ҚРҰБ	%	95-100	99,99%	Орындалды

³ Төлем жүйесінің бір жыл ішіндегі жұмыс істеу қабілеттілігінің коэффициенті нақты жұмыс уақытының (төлем жүйесі тоқтатылған уақыт кезеңін қоспағанда, операциялық күнді ашудан бастап төлем жүйесінің операциялық күнін жабуға дейінгі уақыт кезеңі) төлем жүйесі жұмысының жалпы уақытына (операциялық күнді ашудан бастап төлем жүйесінің операциялық күнін жабуға дейінгі уақыт кезеңі) қатынасы ретінде есептеледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017-2021 жылдарға
арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
2020 жылғы есепке
талдамалық жазба

1-бөлім. Тәуекелдерді басқаруды талдау

1-стратегиялық бағыт

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1-мақсат. Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу. Инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру.

Бүкіл ортамерзімді кезеңде мұнай бағасының төмендеуі теңгенің әлсіреуіне және қысқа мерзімді кезеңде инфляцияның өсуіне алып келуі мүмкін.

Тәуекелдерді басқару шаралары қабылданбаған жағдайда ықтимал салдар:

Инфляция деңгейінің 2020 жылы Ұлттық Банктің 2019 жылғы жылдық есебін қарау барысында 2020 жылғы 1 шілдеде берілген Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бекітілген нысаналы дәліздің 8-8,5%-ның жоғарғы шегінен асып кетуі.

Ықтимал тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 2020 жылы орташа алғанда бір баррель үшін 43,2 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

Бағалар 2020 жылғы наурызда бір баррель үшін 40 АҚШ доллары деңгейінен төмен түсе бастады. Осыған байланысты инфляцияға көтеруші қысым көрсететін жоғарыда сипатталған бірқатар факторлардың ықпалы аясында базалық мөлшерлеме 12,00%-ға дейін көтерілді. Алайда, кейіннен экономикалық өсу қарқынының баяулауы аясында 9,0%-ға дейін төмендетілді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ақша-кредит талаптары әлсіз ынталандырғыш ретінде бағаланады, бұл инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мен экономикалық өсуді қалпына келтіруге жәрдемдесу арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігіне негізделген.

Мұнай бағасының тұрақтануы жағдайында ішкі сұраныстың баяу қалпына келуі есебінен Қазақстан экономикасының негұрлым баяу қалпына келуі инфляцияның төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Тәуекелдерді басқару шаралары қабылданбаған жағдайда ықтимал салдар:

Тәуекел іске асырылмаған, соған байланысты шаралар қабылдау қажеттілігі болмаған.

Ықтимал тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Базалық мөлшерлеме 2020 жылы 9,0%-ға дейін төмендетілді. Базалық мөлшерлеменің деңгейі экономикадағы қалыптасқан үрдістерге және қаржы секторындағы ахуалға, оның ішінде байқалатын инфляциялық процестерге сәйкес келді.

2-стратегиялық бағыт

2.4-мақсат. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бойынша жағдайлар жасау.

Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенімсіздігі.

Ықтимал тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Халық арасында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өзекті мәселелері бойынша жан-жақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне сенімін арттыру мақсатында Ұлттық Банк және БЖЗҚ тұрақты негізде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізіп отырады.

Ұлттық Банктің және БЖЗҚ-ның басшылары мен қызметкерлерінің телеарналарда телевизиялық бағдарламаларға, республикалық радио және мерзімді баспа басылымдарына қатысуы ұйымдастырылады.

Медиажоспар аясында БЖЗҚ-дан төленетін төлемдер, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік беру, жана электрондық сервистер, инвестициялық қызмет, инвестициялық кірісті есептеу

тетігі, проблемалық активтермен жұмыс, Президенттің тапсырмасын орындау шеңберінде заңнамаға алдағы уақытта өзгерістер енгізу мәселелері бойынша материалдар орналастырылады.

Халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халқының қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында БЖЗҚ қызметкерлері кәсіпорындар мен ұйымдарға, оның ішінде республика аймақтары бойынша көшпелі іс-шараларды жүзеге асырады. 2020 жылы карантиндік шектеу шараларын ескере отырып, 245 мыңнан астам адамның қатысуымен 9,6 мыңнан астам презентациялар өткізілді, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар БЖЗҚ филиалдарымен бірлесіп әлеуметтік міндеттерді іске асыру мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандум шеңберінде 2020 жылы 3,6 мың адамның қатысуымен 96 презентация өткізді.

2020 жыл ішінде БЖЗҚ филиалдары онлайн-форматта «Ашық есік күні» іс-шараларын өткізді, оның шеңберінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы өзекті ақпарат берілді, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша білікті консультациялар өткізілді. 2020 жылы қатысушылар саны 6,1 мың қатысушы болды.

2020 жыл ішінде БЖЗҚ филиалдарының қызметкерлері жеке зейнетақы калькуляторы моделін пайдалана отырып, 115,3 мың консультация берді.

Сонымен қатар, БЖЗҚ БАҚ арқылы түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Республикалық және облыстық газеттердің, интернет-порталдардың беттерінде және телевизиялық эфирде 2020 жылы БЖЗҚ-ны еске ала отырып, барлығы 41,2 мыңға жуық жарияланым орналастырылған. Бұл ретте БЖЗҚ-ның түрлі БАҚ арналары арқылы берген ақпараты бойынша 35,7 мыңнан астам материал шықты. Осылайша, БЖЗҚ бастамашы болған ақпарат ағыны зейнетақы жүйесі туралы барлық ақпарат өрісінің 87%-ын құрайды.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары үшін коммуникациялық арналар ретінде:

– Ақпараттық агенттіктер және интернет-порталдар пайдаланылады. Осы арналарда ең жедел және дәйексөз ретінде БЖЗҚ атап көрсетілген барлығы 37,1 мыңнан астам жарияланым шықты. Оның ішінде БЖЗҚ-ның бастамасы бойынша 31,9 мыңнан астам жарияланым бар. Ақпарат қысқа хабарламалар түрінде де, ranking.kz агенттігінің талдамалық шолулары түрінде де орналастырылды, олар кейіннен БАҚ-тың басқа түрлерінде де келтірілді. Материалдарды тікелей жаңалықтар ресурсында (айына 10 000 000 пайдаланушының келуі), сондай-ақ оның Instagram желісіндегі аккаунтында (кемінде 1 500 000 жазылушы) орналастыру бойынша Tengrinews.kz порталы арқылы ақпараттық-түсіндіру жобасы жүзеге асырылды.

– Теледидар. 2020 жылғы 12 айда телеарналардан 854 материал (БЖЗҚ бастамасы бойынша 641): жаңалық, талдамалық сюжеттер, БЖЗҚ спикерлерінің қатысуымен ток-шоу, арнайы бағдарламалар шықты. Қыркүйек-желтоқсан аралығында 31 арнада «Zeinet.kz» / «Пенсия.kz» бағдарламасы жарық көрді. Карантиндік шараларды ескере отырып, бағдарламаның форматы өзгертілді, өзекті тақырыптар таңдалды. Бағдарламалардың бүкіл циклі ішінде біз қазақ аудиториясына шамамен 2 500 000 адамды және орыс тілді аудиторияға шамамен 2 700 000 адамды қамтыдық. Әр шығарылымның орташа саны 100 000-нан 170 000-ға дейін болды. Телеарна деректері бойынша, «Информбюро» бағдарламасының орташа рейтингімен салыстырғанда, Пенсия.kz бағдарламасының рейтингі 42,8%-ға жоғары, ал «31 арнаның» орташа көрсеткіштерімен салыстырғанда «Пенсия.kz/ Zeinet.kz» бағдарламасының рейтингі 157%-дан жоғары.

– Баспа БАҚ. БЖЗҚ бастамасы бойынша баспа БАҚ-та барлығы 2,3 мыңнан астам материал шықты, өйткені бұл ақпарат арнасы неғұрлым жедел БАҚ позициясынан төмен. Дегенмен, баспа БАҚ арқылы жас топтары бойынша да, тұрғылықты жері бойынша да (республикалық/өңірлік БАҚ), сондай-ақ білім беру түрі мен деңгейі бойынша да (көп таралымдағы қоғамдық-саяси газеттер, сараптамалық шеңбер үшін іскерлік БАҚ) барлық нысаналы аудиториялар қамтылды. «Время» қоғамдық-саяси газетінде Басқарма Төрағасы Ж.Б. Құрмановпен «тікелей желі» дайындалып, өткізілді, онда газет оқырмандары мен журналистерінің сұрақтарына жауап берілді. Материалдың толық нұсқасы time.kz. басылымның сайтында орналастырылды. Басқарма Төрағасымен қазақ тіліндегі сұхбат «Айқын» газетінде жарияланды. «Караван» халықтық газетінде (таралымы 50 мың дана) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің идеологиясын ашатын «Қазақстанда жинақтаушы және ынтымақты зейнетақы, неге кері жол жоқ?» және «Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің шындығы мен аңыздары» тақырыптарында өрбіді. Сараптамалық мақсатты аудитория үшін

«Курсив» және «Капитал» іскерлік апталықтары жұмылдырылды, онда ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, сапа менеджменті және БЖЗҚ-ның ақпараттық қауіпсіздігі, инвестициялық кіріс, халықаралық тәжірибені пайдалану және БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақысын төмендету мәселелері көрсетілді.

– Радио. Радиоэфирге барлығы 846 материал шықты. Қыркүйектен желтоқсанға дейін Қазақ радиосында қазақ және орыс тілдерінде «Коротко о пенсии» және Русское радиоға қазақ және орыс тілдерінде «Сложный вопрос – пенсионный ответ» бағдарламалары эфирге шықты. Әрбір радиостанция үшін мақсатты аудиторияның қалауын ескере отырып, ақпарат берудің бастапқы форматы таңдалады. Бағдарламалар жоғары деңгейде қамтылды. Мәселен, Қазақ радиосындағы барлық бағдарламалар циклі бойынша 218 000 адам қамтылды. Русское радиоғағы барлық бағдарламалар циклі үшін 496 000 адам қамтылды.

Қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар, БАҚ-қа арналған брифингтер. БЖЗҚ Басқарма Төрағасының қатысуымен зейнетақы активтерінің инвестициялық кірістілігі және зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге, емделуге немесе басқарушы компанияларға беру тетігін іске асыру туралы 2 брифинг өткізілді.

Кезекті рет жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша Қаржы журналистикасы мектебі өткізілді. 2020 жылы онлайн-форматта өтіп, 60-тан астам қатысушыны жинады. Қарқынды курс бағдарламасында қатысушыларға түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылды: Қазақстанның зейнетақы жүйесі және «БЖЗҚ» АҚ қызметі, қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ерекшеліктері; жеке зейнетақы шотын ашудан бастап төлемдерді рәсімдеуге дейінгі зейнетақы жинақтары; зейнетақы калькуляторының көмегімен зейнетақыны жоспарлау және есептеу; Қазақстандағы демографиялық трендтер және олардың экономикаға әсері; сонымен қатар, ҚРҰБ-мен бірлесіп «БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі ақпарат» тақырыбы ашылды.

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде БЖЗҚ басшыларының «Әлемнің және Қазақстанның зейнетақы жүйелері», «БЖЗҚ IT-технологиялары», «Салымшылар мен алушыларға арналған сервистер. Карантин кезеңіндегі жұмыс», «Зейнетақы жүйесін одан әрі дамытуға арналған ұсыныстардың негізі ретінде демографиялық трендтер, актуарлық есептер». Іс-шараға 100-ден астам студенттер мен оқытушылар жиналды.

Қордың басшы қызметкерлері 2020-2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасын орындау бойынша жұмыс шеңберінде өткізілетін іс-шараларға, сондай-ақ әртүрлі онлайн-аландарда жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша қоғамдық әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысты.

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің жұмысы жалғастырылды. Оның құрамына қаржы жүйесінің сарапшылары мен талдаушылары арасынан жаңа мүшелер кірді.

Digital-коммуникациялар. 2020 жылғы 4-тоқсаннан бастап сайтқа кірушілердің есебі Google Analytics сервисінің сараптамасы негізінде жүргізіледі. 2020 жылғы 12 айда **1 506 150** пайдаланушы тіркелді (көрсетілген күндер ауқымында кем дегенде бір сеанс тіркелген пайдаланушылар ескеріледі). **9 802 508** бет қаралды.

Пайдаланушылардың БЖЗҚ қызметі туралы өзін қызықтыратын ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында БЖЗҚ Басқарма Төрағасының ресми блог-платформасы белсенді жұмысын жалғастыруда. Жыл басынан бері 389 өтініш пысықталды.

БАҚ пен сарапшылар үшін ғана емес, сонымен қатар салымшылар (алушылар) үшін де іздеу нәтижелеріндегі позицияларды арттыру, негізгі сұратулар мен сыртқы трафикті арттыру есебінен ақпараттың сенімді көзі ретінде сайттың маңыздылығын арттыру бойынша оң тренд сақталуда. Google Search Console мәліметтері бойынша мынадай жағдай ұсынылған: 2020 жылғы 12 айдағы іздеу нәтижелерінде сайттың барлық беттерінің URL көрсетілім саны – **26 663 165**; Google іздеу нәтижелерінде сайттағы беттердің URL қарау саны – **2 635 139**, іздеу жүйелеріндегі сайттың орташа орны – 4,8, яғни шығарудың бірінші бетінде, бұл өте жақсы нәтиже.

БЖЗҚ ақпаратын интернетте таратудың белсенді арнасы ретінде БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, «ВКонтакте», Twitter, «Одноклассники», Telegram, сондай-ақ You Tube әлеуметтік желілеріндегі беттері мен топтары болып табылады. 2020 жылғы 28 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ парақшаларына жазылушылардың жалпы аудиториясы **59 949** жазылушыны

құрады, жыл ішіндегі өсу – **41,7%**.

2020 жылы әлеуметтік алаңдарда екі тілде 263 тақырып орналастырылды. 2020 жылғы 12 айда түсіндірулер мен жеке хабарламалар арқылы 10 307 өтініш алынды және өңделді.

2.5-мақсат. Тиімді валюталық реттеуді және валюталық бақылауды қамтамасыз ету

Капиталдың ұтқырлығына әсер ететін шаралар бөлігінде мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының үйлестірілмеуі.

Ықтимал тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Нормативтік базаны әзірлеу кезінде ведомствоаралық үйлестіруді күшейту, капиталдың ұтқырлығына әсер ететін шаралар бойынша келісілген шешімдер қабылдау.

Арнайы шаралар талап етілмеген. Сонымен қатар, мынадай іс-шаралар өткізілді:

2020 жыл ішінде сыртқы сауда мәмілелері бойынша валютаны репатриациялауды қамтамасыз ету және капиталды шығаруға қарсы іс-қимыл тетігін жетілдіру шеңберінде ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетімен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізілді:

1) ҚР ҚМ, ҚРҰБ және ҚНРДА арасында 2020 жылғы 30 шілдедегі №284ҰБ КЖТҚК және валюталық бақылау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім әзірленіп, қол қойылды;

2) ҚР ҚМ ҚМК-ға күдікті валюталық операциялар бойынша ақпарат берілді, сондай-ақ резиденттерді қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартумен байланысты проблемалық мәселелер пысықталды.

2.7-мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Төтенше жағдайлардың туындауы, оның ішінде табиғи зілзалалар, төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың жұмыс істеу қабілеттілігінің бұзылуы (мысалы, энергиямен жабдықтау және байланыс қызметтері).

Ықтимал тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда осы тәуекелдерді басқару мақсатында жүйелердің жұмысы серверлеріне көшірілуі мүмкін төлем жүйелерінің резервтік орталығының жұмысын «Жұмыс істеп тұру» режимінде қолдау. Төлем жүйелерінің бағдарламалық-техникалық кешенінде кепілдік берілген энергиямен жабдықтаудың екі жүйесі, сондай-ақ резервтік байланыс арналары бар.

Төлем жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және резервтік орталықты тұрақты дайындықта ұстау мақсатында ҚБЕО 2020 жылы төлем жүйелерінің жұмысын резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне екі рет жоспарлы ауыстыру жүзеге асырылды.

Бұл ретте 2020 жыл ішінде негізгі және резервтік серверлерде төлем жүйелерінің, жабдықтар мен байланыс арналарының бағдарламалық-техникалық кешеніне мониторинг жүргізілді.

Операциялық тәуекелдер (жабдықтың істен шығуы, персоналдың қателері, физикалық және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы).

Ықтимал қатерді басқару жөніндегі іс-шаралар:

Төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне ауыстыру жөніндегі жоспарлы (тестілік) іс-шараларды жүргізуді көздейтін шаралар кешенін қолдану (оның ішінде тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттар қолданылады); жабдықтың жұмыс істеу қабілеттілігінің тұрақты мониторингі; персоналдың қажетті біліктілік деңгейін қамтамасыз ету, оны оқыту; рұқсатсыз кіруден қорғау; бірқатар белгіленген іс-шаралар арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; бірқатар шаралар арқылы физикалық қол жеткізуді басқару және өзге де шаралар.

2020 жыл ішінде жабдықтардың тұрақты мониторингі, профилактикалық жұмыстар және жүйелерді, оның ішінде қауіпсіздік жүйелерін әкімшілендіру жүргізілді. Қызметкерлердің қателіктері, физикалық және ақпараттық қауіпсіздік бұзушылықтары болған жоқ.

2-бөлім. Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қолжеткізу

1-стратегиялық бағыт.

Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1-мақсат. Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу. Инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру

Нысаналы индикатор: Инфляцияның жылдық деңгейі (өткен жылғы желтоқсанға желтоқсан) – 4-6%

2020 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция 7,5% құрады, бұл болжанған дәлізден 8-8,5% төмен.

Нысаналы индикаторға қолжеткізуге арналған іс-шаралар:

ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейін реттеу.

Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені белгілеу және банк жүйесінің өтімділігін, сондай-ақ таргеттелетін мөлшерлемеге әсерін реттеу үшін тұрақты қол жеткізу мен ашық нарық күнделікті операцияларын жүргізу практикасын жалғастыруда.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің мынадай қаулылары:

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 3 ақпандағы № 3 қаулысы (9,25% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 10 наурыздағы № 9 қаулысы (12,00% дейін өсіру);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 16 наурыздағы № 11 қаулысы (12,00% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 13 қаулысы (9,50% дейін төмендету);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 15 қаулысы (9,50% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 8 маусымдағы № 20 қаулысы (9,50% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі № 33 қаулысы (9,00% дейін төмендету);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 43 қаулысы (9,00% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 26 қазандағы № 55 қаулысы (9,00% деңгейде сақтау);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 68 қаулысы (9,00% деңгейде сақтау) қабылданды.

Ақша нарығы теңгелік өтімділіктің құрылымдық профицитінің жағдайында жұмыс істеді. Негізгі көлем Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары арқылы алынды.

Ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің өзгеруі

2020 жылы Ұлттық Банкі Басқармасының мынадай қаулылары:

1. «Ең төменгі талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 15 маусымдағы №77 қаулысы;

2. «Ең төменгі талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы №135 қаулысы қабылданды.

1.2-мақсат. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің сақталуын қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор: Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтерінің көлемі

(тауарлар мен қызметтер импортының үш айының көлемін өтейді («1» өтейді, «0» өтпейді).

Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтерінің көлемі (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда) 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 35,6 млрд АҚШ доллары деп

бағаланды (2020 жылдың басында 29 млрд АҚШ доллары), бұл тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортын 9,6 (баға) айға қаржыландыруды қамтамасыз етті. Осылайша, нысаналы индикатордың мәні «1» сәйкес келеді.

Нысаналы индикаторға қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

Алдағы 6 айға сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдер көлеміне қатысты өтімділік портфелінің көлемін есептеу.

2020 жылдың қорытындысы бойынша алтынвалюта резервтерінің өтімділік портфелінің көлемі алдағы 6 айға сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдер мөлшерінен 12,9 есе асты.

Өтімділік портфелінің көлемін тиісті деңгейде ұстап тұру үшін активтермен операциялар жасау.

Өтімділік портфелі ақша-кредит саясатын іске асыру, өтімділіктің жоғары деңгейін қолдау, валютаға қысқа мерзімді сұранысты қанағаттандыру және сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мақсатында операциялар жүргізуге арналған. Есепті кезең ішінде Ұлттық Банк өтімділік портфелі қаражатының өтімділігін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде өтімділік портфелінің көлемін тиісті деңгейде ұстап тұру үшін операциялар жүргізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру.

ҚРҰБ алтынвалюта резервтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру

Ұлттық Банк есепті кезеңде алтынвалюта резервтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырды. Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтерінің көлемі есепті кезеңде 6,6 млрд АҚШ долларына немесе 23%-ға өсті. Өсімге негізгі салымды алтын портфелі енгізді, оның активтері жыл соңында 23,6 млрд АҚШ долларын құрады және есепті кезеңде 4,7 млрд АҚШ долларына немесе 25%-ға өсті. Мұндай қарқынды өсу өткен жылы COVID-19 пандемиясына байланысты қаржы нарықтарындағы тұрақсыз жағдай кезінде алтынға сұраныстың артуымен байланысты болды. Жалпы 2020 жылы алтынның бағасы бір унция үшін 1 523 доллардан 1 891 долларға дейін немесе 24%-ға өсті.

2-стратегиялық бағыт.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

2.4-мақсат. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бойынша жағдайлар жасау

Нысаналы индикатор: БЖЗҚ-тың зейнетақы активтерінің кірістілігі (кемінде 4%)

Нысаналы индикаторға қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

БЖЗҚ-тың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі (кемінде 3%).

Біқтимал тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар:

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру.

2020 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ салымшылары үшін 7,5% инфляция деңгейінде зейнетақы активтерінің кірістілігі 10,92% құрады. Нәтижесінде 3,42% мөлшерінде нақты кірістілік қамтамасыз етілді.

Есепті кезең ішінде нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін нарықтық жағдайларда инвестициялау жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес 2020 жылға мақұлдаған бағыттар шеңберінде инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 2,3 трлн теңгені құрады.

Зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру және нәтижесінде, ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының кірістілігін арттыру мақсатында, Ұлттық Банк сондай-ақ мынадай жұмыстар жүргізді:

1. 2020 жылғы ақпанда БЖЗҚ-ның жаңа инвестициялық декларациясы қабылданды, онда активтердің сыныптары бойынша нысаналы бөлуді өзгерту есебінен зейнетақы активтері валюталық портфелінің «тәуекел/кірістілік» көрсеткіші жақсарды.

Ақша нарығының құралдары валюта портфелінің басқа активтері бойынша құбылмалылықты өтеу үшін АҚШ-тың орта мерзімді қазынашылық облигацияларына ауыстырылды (нысаналы мәні 30%). Акциялардың үлесі валюталық активтердің кірістілігін арттыру үшін валюталық портфельдің 21%-дан 25%-ға дейін ұлғайтылды. Тарихи тұрғыдан алғанда, жоғары құбылмалылыққа қарамастан, акциялар бойынша кірістілік ұзақ мерзімді кезеңдегі активтердің басқа сыныптары бойынша кірістіліктен едәуір асады. Тиісінше, дамушы елдер облигацияларының және корпоративтік облигациялардың үлесі тиісінше валюталық портфельдің 28%-дан 25%-ға дейін 21%-дан 20%-ға дейін төмендеді.

2. 2020 жыл ішінде зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің бір бөлігін шетелдік компанияларға сыртқы басқаруға кезең-кезеңімен беру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

2020 жылдың басынан бастап зейнетақы активтері кезең-кезеңімен жалпы сомасы 1 350 млн АҚШ долларына немесе зейнетақы активтерінің 4,4%-ына берілді, оның ішінде:

жаһандық акциялар мандаттары бойынша 450 млн АҚШ доллары;

инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша 900 млн АҚШ доллары.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін сыртқы басқарудағы зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің үлесі БЖЗҚ-тың зейнетақы активтері мөлшерінің 2,0%-ынан 6,3%-ына дейін (816,5 млрд теңге немесе 1,9 млрд АҚШ доллары) ұлғайды.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-тың зейнетақы активтері бойынша кірістілікті алу және оны ұстап тұру үшін қолда бар зейнетақы активтері бойынша бос ақша қалдықтары күн сайын ақша нарығының құралдарына инвестицияланды.

2.5-мақсат. Тиімді валюталық реттеуді және валюталық бақылауды қамтамасыз ету
1-нысаналы индикатор: Сыртқы сауда келісімшартының сомасынан асып кеткен кезде мұндай келісімшарт есептік тіркеу талаптарына жататын сомасына қатысты шекті мән (50 мың АҚШ доллары)

Нысаналы индикаторға қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

Валюталық құндылықтар айналымының тәртібін реттеуді жетілдіру.

Валюталық құндылықтардың айналыс тәртібін реттеуді жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 25 және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есеп беруі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі №93 қаулыларымен, (1) шетел валютасын сатып алу кезінде валюталық шартты ұсыну қажет болатын шекті сома төмендетілді, (2) белгіленген мерзімде мақсаты бойынша сатып алынған және пайдаланылмаған шетел валютасын кері сату туралы талап енгізілді, (3) валюталық операцияларды жүргізу кезінде ұсынылатын құжаттар нақтыланды, (4) валюталық операциялар кодтарының тізбесі кеңейтілді және банктердің сомаға қарамастан жекелеген валюталық операциялар бойынша ақпарат беруі туралы талап енгізілді және т.б.

2-нысаналы индикатор: Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын, тәуекелдер дәрежесін бағалау жүйесі негізінде тексерулермен қамтылған заңды тұлғалардың саны (60% артық емес)

Нысаналы индикаторға қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

Банктік емес айырбастау пункттеріне қатысты реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру.

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі №167-VI Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – №167-VI Заң) іске асыру үшін «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысы (бұдан әрі - Қағидалар) қабылданды. Қағидаларда Қазақстан

Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру тәртібі айқындалады. Қағидаларға келесі өзгерістер енгізілді: (1) қаржы нарығы субъектілерінің есептілікті ұсынуының баламалы тәсіліне көшу (не қағаз нысанында, не электрондық түрде); (2) «Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымша беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімін 30 жұмыс күнінен 20 жұмыс күніне дейін қысқарту, жаңа есептілікті енгізу; (3) жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары бойынша 50 мың АҚШ долларына тең немесе одан асатын сомаға жаңа есепті қосу. Қағидалар 2019 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістерден басқа, Қағидаларға қолма-қол шетел валютасының тапшылық тәуекелін төмендетуге, халықтың қолма-қол шетел валютасына сұранысын қамтамасыз етуге және банктік емес айырбастау пунктерінің қаржылық тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін қосымша түзетулер енгізілді.

Атап айтқанда, қабылданған түзетулерде банктік емес айырбастау пунктерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшеріне сараланған тәртіпте талаптарды кезеңмен ұлғайтуды енгізу көзделген: (1) 100 млн. теңге – астана, республикалық мәні бар қалалар, облыстардың әкімшілік орталықтары, облыстық мәні бар қалалар (2) 50 млн. теңге - өзге жер үшін (кенттер мен шағын қалалар). Банктік емес айырбастау пункттеріне банктік шоттарда және (немесе) кассада жарғылық капиталының ең аз мөлшерінен 100%-дан кем емес мөлшерде ақшаның не тазартылған құйма алтынның (бар болса) бар болуын қамтамасыз ету міндетті белгіленді.

Жоғарыда аталған өзгерістерден бөлек Ұлттық Банк айырбастау пунктерінің жұмыс тәртібіне сағат 09.00-дан сағат 20.00-ға дейін шектеу қойды. Мына айырбастау пункттеріне: (1) ірі сауда объектілерінде орналасқан - сағат 22.00-ға дейін; (2) әуежайларда, т/ж вокзалдарында, казиноларда, ҚР мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлікпен өту пункттерінде – айырбастау пункттерінің қалауы бойынша.

Оның үстіне қаржы мониторингі субъектілерінің (уәкілетті банктер және уәкілетті ұйымдар) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарын орындаудан жалтаруды жоққа шығару мақсатында 500 мың теңгеге дейін операция жүргізген кезде клиент деректерін жеңілдетілген тіркеуі (ЖСН және аты-жөн) енгізілді.

Осылайша, осы түзетулерді енгізу айырбастау пункттерінің қаржылық қызметтерін тұтынушылардың қауіпсіздігін күшейтті, қолма-қол шетел валютасы тапшылығының тәуекелдерін барынша азайтты, қолма-қол шетел валютасын кешкі және түнгі уақытта сату бағамының жоғарылау және халық арасында дүрлікпенің негізсіз туындау фактілерін жойды.

Түзетулер 2020 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енді.

2.7-мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету

1-нысаналы индикатор: Банкаралық ақша аударымы жүйесінің бір жылдағы жұмыс қабілетінің коэффициенті (кемінде 95%).

2019 жылы Банкаралық ақша аудару жүйесінің (БААЖ) жұмыс қабілетінің коэффициенті 99,99%-ды құрады, бұл аталған төлем жүйесі жұмысының жоғары тиімділігін сипаттайды.

2-нысаналы индикатор: Банкаралық клиринг жүйесінің бір жылдағы жұмыс қабілетінің коэффициенті (кемінде 95%).

2019 жылы Банкаралық клиринг жүйесінің (БКЖ) жұмыс қабілетінің коэффициенті 99,99%-ды құрады, бұл аталған төлем жүйесі жұмысының жоғары тиімділігін сипаттайды.

Нысаналы индикаторларға қол жеткізуге арналған іс-шаралар:

ҚБЕО-мен бірлесіп төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне ауыстыру бойынша жоспарлы (тестілеу) іс-шаралар жүргізу

2020 жылы төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне ауыстыру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Төлем жүйелерін резервтік орталықтың бағдарламалық-техникалық кешеніне ауыстыру 2020 жылғы 9 қаңтарда және 2020 жылғы 10 қыркүйекте жүзеге асырылды. Негізгі орталықтың серверлеріне кері аудару тиісінше 2020 жылғы 31 қаңтарда және 2020 жылғы 25 қыркүйекте жүргізілді.

Ауыстыру кезінде бағдарламалық жасақтама мен жабдықтың жұмысында проблемалар болған жоқ.

Стратегиялық жоспарды іске асыру қорытындылары туралы тұжырымдар

Жүргізілген талдаудың нәтижелері, Ұлттық Банктің жалпы алғанда 2020 жыл ішінде Ұлттық Банктің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында баяндалған Ұлттық Банк қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жоспарланған нысаналы индикаторлары мен міндеттерінің көрсеткіштерін орындағанын көрсетті.

Ұсыныстар

2021 жылдың қорытындылары бойынша қол жеткізуге жоспарланған Ұлттық Банк қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша нысаналы индикаторларды орындау жөніндегі Ұлттық Банктің Стратегиялық жоспарын іске асыру бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру.